«Бекітемін»
Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектебі жанындағы интернат
директоры: _____ **Д.Б.Бакаев**

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернаттың 2022-2023 оқу жылы бойынша өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрлері	Өткізілу түрі Аяқталу нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1	Мектептегі тәртіпті қадағалау Оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстыру Саналы,патриот оқушыларды тәрбиелеуге үлес қосу Өзіне қойылған міндеттерді орындау	үнемі	Мектеп тәлімгері	Қыркүйек
2	*I отырыс* ***Күн тәртібінде:*** . 1.Өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын бекіту; 2.Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын таныстыру	Жиналыс хаттама	Мектеп тәлімгері	Қыркүйек
3	*II отырыс* ***Күн тәртібінде:*** 1.Дублер күнін ұйымдастыру 2. 1 қазан қарттар күніне дайындалу 3.Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	Мектеп тәлімгері	Қыркүйек
4	*III отырыс* ***Күн тәртібінде:*** 1.1 қазан қыздар күнін ұйымдастыру 2.Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары 3.Ағымдағы мәселелер	Жиналыс хаттама	Мектеп тәлімгері	Қазан
5	«Мектеп Президенті» сайлау Әлеуметтік желіге салу	Анықтама хаттама	Мектеп тәлімгері	Қараша
	IV отырыс: ***Күн тәртібінде:*** 1.Қоғамдық шаралардың өткізілу барысы 2.Өзін өзі басқару ұйымының жарты жылдық есебі 3.Ағымдағы мәселелер	Жиналыс Хаттама	Мектеп президенті Фракция мүшелері	Желтоқсан
6	*V отырыс:*	Жиналыс	Мектеп	Наурыз

Сканировано с CamScanner

Күн тәртібінде: 1.22 наурыз мерекесін ұйымдастыру шаралары 2.Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстары 3. Сенбілікке шығу	Хаттама	президенті Фракция мүшелері	
VI отырыс: ***Күн тәртібінде:*** маусым балалар күнін ұйымдастыру шаралары 2. «Бала еңбегін қанауға жол жоқ» науқанын өткізу дайындығы 3.Жазғы қауіпсіздік шаралары 4. Өзін өзі басқару ұйымының жылдық есебі	Жиналыс хаттама	Мектеп президенті Фракция мүшелері	Мамыр

Мектеп тәлімгері: Т.Н.Махаева

Сканировано с CamScanner

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (Ресурстық орталық) жанындағы интернат

Өзін-өзі басқару ұйымының 2022-2023 оқу жылында аткарылған жұмысының есебі.

2022-2023 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Негізгі мақсаты:

Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестіккеқабілетті, білім мен өнерге, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетте, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру.

2022-2023 оқу жылында атап айтқанда, оқушылармен жұмысты айқындауда сынып жетекшісімен жүргізілетін шараларды жүргіздім.Олар:

Оқушы туралы мәліметтерді біліп және баланың ұйымдағы орнын анықтадым.

Өзін-өзі басқару ұйымының құндылықтары бар. Ұланбасы көмекшілері 9 «Б» сынып оқушысы Н.Ғарифолла, Білім министрі 9 «Б» сынып оқушысы А.Нұрғалиева Тәрбие министрлері 10 «А» сынып оқушысы М.Серікбаев және 8 «А» сынып оқушысы А.Егінбай, Мәдениет министрі 10 «А» сынып оқушысы А.Мұқатай, Спорт министрі 8 «А» сынып оқушысы А.Көмек, Денсаулық министрі 8 «Б» сынып оқушысы А.Нұрмағанбет, Ақпарат министрі 9 «А» сынып оқушысы Ш.Жашкеева. Өзін-өзі басқару ұйымы мынадай тәрбиелі бағыттар бойынша жұмыс жасадық. Олар:

Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмыстарын дамыту, адамгершілік – эстетикалық тәрбие, құқықтық тәрбие, мәдениеттілік пен имандылықты қалыптастыру, салауатты өмір салты, интеллектуалды – танымдық тәрбие. Атап айтқанда, осы бағыттар бойынша бірнеше жұмыстар атқардым.

Оқушылардың отырысы. Өзін-өзі басқару ұйымының құрамы бекітілді. Бастауыш сынып оқушыларына тәлімгерлік тағайындалды. Қыркүйек айында үнемі бірінші мектептің тәртібін қадағалау.Оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстыру, саналы, патриот оқушыларды тәрбиелеуге үлес қосу, әр оқушы өзіне қойылған міндеттерді орындау болып табылады. Өзін-өзі басқару ұйымының I отырысында жылдық жоспары бекітіліп, әр ұйым мүшесін жұмыс барысымен таныстырылды. Қыркүйек айының II отырысында 11 сынып оқушыларымен

Сканировано с CamScanner

ұйымдастырумен «Дублер» күні болды.Сонымен қатар ағымдағы әр түрлі мәселелер талқыланды. Қазан айының III отырысында 1 қазан «Қарттар» күніне байланысты 1-11 сыныптар қабырға газетін шығарды. Мектебімізде құқықбұзушылықтың алдын алу шаралар жүргізілді.Сонымен қатар ағымдағы әр түрлі мәселелер қаралды. Қараша айында «Мектеп Президенті» және ұйым мүшелері яғни, министрлер әр сала бойынша сайланды. Ұйымның белсенді мүшелері түгелденді. Күнделікті өтіп жатқан іс-шаралар туралы мағлұматтар әлеуметтік желіге салынып отырды. 1 жетоқсан ЖИТС күніне байланысты 9-11 сыныптармен мектеп медбикесімен бірігіп жиын өтті. Қабырға газеті ілініп, инстаграм желісіне салынды.

Қаңтар айында 5-7 сынып оқушылары арасында «Қыс келбеті» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Ақпан айында 1-4 сыныптар арасында «Толағай»спорттық сайысы өтті.

Наурыз айында 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай өзін өзі басқару ұйымының мүшелері алғыс айту қабырға газеті, құттықтаулар жасап әр мұғалімге, ата-анаға, отбасына, туған жерге алғыстарын айтты.Сонымен қатар 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Анашым мың алғыс!» тақырыбында мерекелік іс-шара жасалынды.22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні » Наурыз мерекесіне орай 1-11 сынып оқушылары арасында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.Әр апта сайын оқушылардың құқықтық сауаттылығынарттыру жұмыстары ұйымдастырылып отырды.Әр бейсенбі оқушылар сенбілікке шығып отырды.

Сәуір айында оқушылар құстың ұясын жасап ағаштарға ілді.12 Сәуір ғарышкерлер күніне орай лездеме өтіп, ұйым мүшелері ақпарат беріп өтті.

Мамыр айында 7 мамыр «Отан қорғаушылар» күніне орай саптық жиын өтті.9 мамыр жеңіс күніне орай мерекелік іс-шара өтті.Сонымен қатар жазғы демалыста оқушыларға қауіпсіздік шаралары туралы түсіндірілді.

Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы 2022-2023 оқу жылында тірек мектеп жанындағы интернаттың директорының міндетін атқарушы бекіткен жылдық жоспарға сәйкес тәрбиелік жұмыстар жүргізілді.

Сканировано с CamScanner